

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ӘОЖ 377.1. 02:37 2.8

Қолжазба құқығында

ДУЙСЕНОВА МАРЖАН МОЛДАКАСЫМОВНА

**Сөз тіркестерін оқытуда қатысымдық құзыреттілікті
қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері
(бастауыш сынып материалдары бойынша)**

6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор
Қ.Молдабек

Шетелдік ғылыми кеңесшісі
Доктор, профессор
Г.Гулсевин

Қазақстан Республикасы
Түркістан, 2016

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1 СӨЗ ТІРКЕСІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАТЫСЫМ- ДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯ- ЛЫҚ - ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	11
1.1 Сөз тіркесін оқытуда оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың лингвистикалық негіздері.....	11
1.2 Бастауыш сыныпта сөз тіркестерін оқыту барысында оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың философиялық негіздері.....	30
1.3 Сөз тіркесін оқыту арқылы бастауыш сынып оқушысының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырудың психологиялық аспектілері.....	42
1.4 Сөз тіркесін оқыту үдерісінде оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық негіздері.....	55
2 СӨЗ ТІРКЕСІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАТЫСЫМ- ДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІС- ТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ	75
2.1 Сөз тіркесін оқыту мен оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырудың базалық-нормативтік құжаттар мен оқулықта берілу жайы.....	75
2.2 Бастауыш сыныпта сөз тіркестерін оқыту барысында оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді әдістері мен жаттығу-тапсырмалар жүйесі.....	84
2.3 Бастауыш сыныпта сөз тіркестерін оқыту барысында оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың технологиясы.....	123
2.4 Бастауыш сыныпта сөз тіркестерін оқыту барысында оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі бойынша эксперимент барысы мен нәтижелері.....	133
ҚОРЫТЫНДЫ	148
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	151

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Қазақстан Республикасындағы жалпы орта білім беру Тұжырымдамасында: «Қазақстан мектептеріндегі өзекті мәселелердің бірі өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүруге дайын, айналасындағы шынайы өмірге белсенді қатынасын байқатып, оны жақсартуға ықпал ете алатын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Осыған байланысты жеке тұлғаға қойылатын мынадай талаптар алдыңғы орынға шығады: креативтілік, белсенділік, әлеуметтілік жауапкершілік, ой-өрісінің кеңдігі, жоғары деңгейдегі сауаттылық, танымдық әрекетке қызығушылықтың арттырылуы», - деп ерекше аталып өткен [1, б. 23]. Білім беру жүйесін осындай заманауи талаптарға сай жетілдірудің басты бағыттарының бірі – бастауыш мектеп сатысынан бастап-ақ «Ұлы Дала Елі» идеясын жүзеге асыратын жас ұрпақтың бәсекелестікке бейімділігін дамытуға, тұлғалық-интеллектуалдық әлеуетін көтеруге басымдылық беру. Сондықтан қазіргі уақытта оқушының бойында елжандылық рухтың, мемлекетшілдік сананың, дара тұлғалық қабілеттердің іргетасы қаланатын бастауыш мектептегі оқу пәндерінің сапалық деңгейін көтеру міндеті өткір қойылып отыр. Бұл міндеттің орындалуы оқушыларға репродуктивті білімді меңгертуден бас тартып, өзіндік ізденіске үйретуге, оның әлеуметтенуін қамтамасыз ететін өмірлік дағдыларды меңгертуге мүмкіндік беретін оқыту үдерісінің тұлғалық-әрекеттік бағыты мен құндылықтық бағдарын кеңейтудің тетіктерін табуды қажет етеді.

Оқушының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру – білім беру жүйесінің осындай жаңа талабымен үйлесетін тетіктің бірі ғана емес, бірегейі. Сол себепті тілдік материалдарды, оның ішінде сөз тіркестерін оқыту үдерісінде баланың ойлау, сөйлеу дағдыларын дамытуға, өзін де, қоршаған ортасын да тануына жағдай тудыра отырып, өзгелермен ой бөлісуге, алған білімін күнделікті өмірде дұрыс қолдануға үйретудің маңыздылығы арта түсуде. Бастауыш сынып оқушыларының білімді мәдениеттің бір бөлшегі ретінде игеруі, сол арқылы тыңдау, сөйлеу, пікірлесу, оқу, жазу сауаттылығының мәнін саналы түрде түсінуі оның қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырудың алғышарты болып саналады. Ал, өзара қарым-қатынас жасауға төселдіру, алға қойылған проблемаларды бірлесіп шешуге дағдыландыру арқылы өзіндік ой-пікірін жеткізуге ұмтылдыру, басқалардың пікірін тыңдай білуге үйрету – оқушының қатысымдық мәдениетті үйренуінің шарты. Олай болса, қазақ тілі сабақтарындағы басты талап, А.Байтұрсынұлы айтқандай, «оқушыны тіл жұмсау жолдарын үйренуге үйрету» [2, б. 23]. Оқушыны сын тұрғысынан ойлауға, өзінің жасы мен деңгейіне сай алдында қойылған проблемаларды шешуде алынған ақпараттарға, жағдаятқа талдау жасауға, өздігінен жол таба білуге, айналасындағы адамдармен тіл табыса алуға үйретуге бағытталған оқу үдерісін ұйымдастыру арқылы білім сапасы көтеріледі, білімнің оқушы тұлғасын дамытудағы мәні артады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Нұрлы жол – Болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды! Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн», - деген пікірі мектепте ана тілі ретінде оқытылатын қазақ тілінің өміршең болуына қажетті жағдайларды оқушы құзыреттіліктерін қалыптастырумен сабақтастықта шешудің қажеттігі мен көкейкестілігін танытады [3, 2]. Өйткені тілдің басты қызметі адамдар арасындағы қарым-қатынастың құралы болу екендігін ескерсек, онда тіл үйретуде тілдік білім мен коммуникативтік қағидаларды өзара байланыста меңгерту талабы айқындала түседі. Сондықтан бастауыш мектепте қазақ тілін әлеуметтік сұранысқа орай оқыту үдерісінде оқушылардың сөз тіркесіне қатысты тілдік және қатысымдық құзыреттіліктерін бірге қалыптастыру өзекті мәселеге айналып отыр.

«Білім алушы меңгеретін коммуникативтік қабілет пен дағды – тіл меңгеру барысында күнделікті іске асырылатын тәжірибе мен сөйлесу амалдарынан жинақталса, тіл үйренушінің іскерлігі ұсынылған тілдік материалдарды, игерген білім мен тәжірибені өздігінен дамытып, қоршаған ортада тиімді пайдалана білуінен аңғарылады, танылады. Сондықтан дара тұлғаны тәрбиелеудегі басты фактор – универсалдық әдістемені тиімді қолдана отырып, тұлғааралық коммуникацияны жүзеге асыру»- дейді тілдік қатынас теориясын негіздеген ғалым Ф.Оразбаева [4, с. 28]. Олай болса, бастауыш мектепте сөз тіркестерін оқыту үдерісінде алған білімін оқушының өз ойың, тілегі мен пікірін білдіруде орынды, өз мақсатына сай қолдануға үйретудің біртұтас әдістемелік жүйесін жасау, инновациялық жолдарын анықтау мәселелері терең зерделеуді қажет етеді.

Тілді оқыту үдерісінде оқушылардың сөйлеу тілін дамыту мәселесі барлық уақытта да пәнді оқыту теориясы мен әдістемесін зерттеушілердің назарынан тыс қалмаған. Мысалы, бастауыш мектеп оқушыларының тілін дамыту мәселесіне Ы.Алтынсарин [19], А.Байтұрсынов [20], Т.Шонанов [21], М.Жұмабаев [22], Ж.Аймауытов [23], Ә.Садуақасов [24], С.Жиенбаев [25], И.Ұйықбаев [26], Ш.Сарыбаев [27], Қ.Жұбанов [28], К.Бозжанова [29], М.Жұбанова [30], С.Аманжолов [31], Ғ.Бегалиев [32], С.Кенесбаев [33], С.Рахметова [34, 35], Е.Ө.Жұматаева [37], М.Жазыбаев [38], О.Байқуатова [39] және т.б. ғалымдар әрдайым көңіл бөліп отырды. Ал, қазақ мектептеріндегі оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі еліміз егемендік алғаннан кейінгі жылдарда ғылыми-зерттеу жұмыстарында көтеріле бастады. Бастауыш мектеп оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың жекелеген мәселелері С.Рахметова [34], Т.Әбдікерімова [42], Г.Уайсова [43], Ә.Жұмабаева [44], Қ.Молдабек [45], М.Ермекбаев [46] Н.Құрманова [40], С.Қазыбаев [41] әдіскер ғалымдардың зерттеулері және мектеп мұғалімдерінің мақалаларында сөз болғанымен [47-56], «Қазақ тілі» сабақтарында сөз тіркестерін оқыту үдерісінде оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі де осы күнге дейін арнайы зерттеу нысанына алынған жоқ. Оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін бастауыш мектептен бастап

калыптастыру жөнінде ғылыми негізделген арнайы әдістеменің жоқтығы салдарынан мектеп мұғалімдерінің де жаңа талапқа сай білім беру ісінде қиындықтар туындап отыр. Мектеп практикасы оқушылардың әлі де өз ой-пікірін ауызша, жазбаша тілде сауатты жеткізуде игерген білімдерін дұрыс қолдана алмайтындықтарын, мұғалімдер тарапынан теориялық білімді меңгерткенімен, оны тіл жұмсауда пайдалануға үйретуде олқылықтардың орын алып отырғанын көрсетеді. Осының салдарынан тілді оқыту жүйесінде бірқатар қайшылықтар орын алып отыр. Атап айтқанда: бастауыш мектепте сөз тіркестерін оқыту арқылы оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру мүмкіндігінің кеңдігі мен оны арнайы зерттеп, ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеудің арасындағы; сөз тіркестерін оқыту үдерісінде білім мазмұны мен қатысымдық құзыреттіліктерді өзара бірлікте сабақтастырудың қажеттілігі мен оны іс жүзіне асыру арасындағы; сөз тіркесі туралы теориялық білім мен оның түпкі нәтижесі ретінде қатысымдық құзыреттіліктердің қалыптастырылуы арасындағы қайшылықтарды шешуді көздеуі біздің зерттеу тақырыбымыздың өзектілігін дәлелдейді.

Зерттеу нысаны: Бастауыш мектептегі «Қазақ тілі» сабақтарында сөз тіркесін оқыту үдерісі.

Зерттеу пәні: Сөз тіркесін оқыту арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі.

Зерттеу мақсаты: Сөз тіркесін оқыту үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін зерделеу, кіші жастағы оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың ерекшеліктерін сипаттау, әдістемесін жасап, оның тиімділігін эксперимент жүзінде дәйектеу.

Зерттеудің міндеттері:

- Зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми еңбектерге талдау жасай отырып, сөз тіркесін оқыту үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық негіздерін анықтау;

- сөз тіркесін оқытуда бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың қазіргі жайына талдау жасау: проблемалары мен бағыттарын анықтау;

- сөз тіркесін оқытуда бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық моделін жасау;

- сөз тіркесін оқытуда бастауыш мектеп оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін интерактивтік әдістер мен инновациялық технологиялар негізінде қалыптастырудың әдістемесін жасау;

- ұсынылған әдістеменің тиімділігін тәжірибе жүзінде дәлелдеу.

Зерттеу болжамы: Егер сөз тіркесін оқытуда бастауыш мектеп оқушыларының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырудың ғылыми-әдіснамалық негіздері айқындалып, оны меңгертудің біртұтас әдістемесі жасалса, онда оқушылар қазақ тілінің сөз тіркесіне қатысты заңдылықтарын саналы меңгеріп, сол білімін тілдік қатынас кезінде еркін қолдануға, өз ойын орынды, дұрыс, жүйелі жеткізуге дағдыланады. **Өйткені** теориялық

біліммен сабақтастырылған қатысымдық құзыреттіліктер ғана пәнді оқытудың сапалық деңгейін арттырып, оның заманауи талаптарға сай жетілдірілуін қамтамасыз етеді, білімнің оқушының тұлғалық-қатысымдық мәдениетін дамытуына мүмкіндік береді, оқушының нақты практикалық тәжірибені меңгеруін қамтамсыз етеді.

Жетекші идея: Жеке тұлғаның қатысымдық құзыреттілігін сөз тіркестерінің құрылымдық модельдері арқылы бастауыш мектептен бастап қалыптастыру нәтижесінде оқушылардың жеке тұлғалық қабілеттерін дамытуға, оқу-танымдық әрекеттерінің практикалық бағытын жандандыруға, білім мен тәрбиенің бірлігін тереңдетуге, оқушының тілдік қатынас мәдениетін жетілдіруге, білім беруді кешенді ұйымдастыруға, интегралды білім беруге қол жеткізіледі.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері: Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздеріне философиядағы тұлға, тіл мен таным, тіл мен мәдениет, ұлттық құндылыққа қатысты; психологиядағы сөйлеу әрекеті теориясы, жас және психологиялық ерекшеліктер туралы қағидалар; лингвистикадағы сөз тіркесі мен тілдік қатынас теориясы; педагогика ғылымындағы антропоэзектік бағыттар мен оқытудың заманауи талаптары; инновациялық технологиялар мен құзыреттіліктерді қалыптастыру жайлы теориялар мен жаңа бағыттар негізге алынды.

Зерттеу әдістері: Ғылыми зерттеу жұмысында баяндау, талдау, салыстыру, жүйелеу, нақтылау, ой қорыту, сын тұрғысынан ойлау технологиясы әдістері, ассоциациялық әдістер, бастауыш мектеп мұғалімдерінің озық тәжірибелерін талдау-жинақтау, қорыту, эксперимент нәтижелерін тексеріп жүйелеу, математикалық-статистикалық әдістер қолданылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

- сөз тіркесін оқытуда бастауыш мектеп оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық негіздері айқындалды;

- жас және психологиялық ерекшеліктеріне сай бастауыш мектеп оқушыларының қатысымдық құзыреттілігінің құраушы компоненттері анықталып, бұл құзыреттіліктің тұлға қалыптастырудағы мәні айқындалды;

- сөз тіркесін оқыту үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық моделі жасалды;

- сөз тіркесін оқытуда бастауыш мектеп оқушыларының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған сөйлесім әрекетінің кешенді тапсырмалар жүйесі әзірленді;

- сөз тіркесін оқытуда бастауыш мектеп оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді әдістері мен оқыту технологиялары сараланды, жаттығулар мен мәтіндер жүйесі жасалды.

Зерттеудің теориялық маңызы: Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруға байланысты алынған тұжырымдар мен қорытындылар қазақ тілін оқыту әдістемесін теориялық тұрғыдан толықтырады, сонымен қатар сабақта жаңа инновациялық техно-

логияларды қолданудың қағидаларын айқындауға бағыт береді. Оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінде белгіленген ұстанымдар бастауыш мектепте қазақ тілінің тұлғалық-әрекеттік сипатын дамытуға игі әсер етеді. Зерттеудің теориялық нәтижелерін бастауыш мектеп мұғалімі мамандарын дайындайтын орта арнаулы және жоғары оқу орындарындағы қазақ тілін оқыту әдістемесі пәнінің білім мазмұнын жетілдіруде пайдалануға болады.

Зерттеудің практикалық маңызы: Зерттеу жұмысының нәтижелерінің тиімділігі педагогикалық эксперимент барысында дәлелденді. Сондықтан зерттеу жұмысындағы нәтижелерді жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сатысында жұмыста ұсынылған тапсырмалар мен жаттығуларды, сабақ үлгілерін мектеп мұғалімдерінің күнделікті оқыту процесінде пайдалану арқылы «Қазақ тілі» пәнін оқытудың сапасын арттыруға мүмкіндік кеңейтіледі. Берілген әдіс-тәсілдер мен оқыту технологияларын мұғалімдер білімін жетілдіру институттарында оқылатын бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі бойынша арнайы курстарда, шеберлік сыныптарында қолдануға болады.

Эксперименттік база ретінде Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласындағы М.Жұмабаев атындағы №39, Түркістан қаласы А.Үсенов атындағы орта мектеп пен Абай атындағы №31 жалпы орта білім беретін мектептер алынды.

Зерттеу үш кезеңде жүргізілді

1. Бірінші кезеңде (2012-2013 ж.ж.) зерттеу жұмысының тақырыбы, зерттеу бағыттары анықталды, білім философиясы, лингвистика, педагогика, психология, әдістеме салалары бойынша еңбектер зерделенді. Нәтижесінде зерттеу ғылыми-әдіснамалық негіздері айқындалды, мақсат-міндеттері, пәні мен болжамы нақтыланды. Бастауыш мектепте қазақ тілі сабағында оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың жетекші идеясы белгіленді. Бастауыш мектепте оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың проблемаларын анықтау сипатындағы бақылау эксперименті материалдары түзілді.

2. Екінші кезеңде (2013-2014 ж.ж.) тілді оқытудың қазіргі жайы мен оны жетілдірудің жаңа бағыттарын айқындау үшін ғылыми-әдістемелік әдебиеттер, озық тәжірбиелі мұғалімдер мен алдыңғы қатарлы әдіскерлердің жарияланымдарына, бастауыш мектепте «Қазақ тілі» пәнін оқытудың стандарттары, оқу бағдарламалары мен оқулықтарына талдау жасалды. Оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді жолдары сараланды. Мектептерде бастауыш мектеп оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруға арналған оқыту эксперименті материалдары әзірленді: сөз тіркесін оқыту арқылы қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру мақсатындағы сөйлесім әрекеті компоненттері бойынша кешенді тапсырмалар, жаттығулар мен мәтіндер іріктеліп, сабақ жоспарлары жасалып, байқаудан өткізілді.

3. Үшінші кезеңде (2014-2015 ж.ж.) қорытынды эксперимент сатасында ұсынылған әдістеменің тиімділігін анықтап, дәйектеу мақсатында

калыптастыру экспериментінің материалдары негізінде оқушылардың білім сапасы тексерілді, бақылау және эксперимент топтарындағы көрсеткіштер салыстырылды. Бастауыш мектепте қазақ тілі сабағында оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың тәжірибе материалдарына сүйеніп, эксперимент қорытындылары жасалды. Зерттеу тұжырымдары мен қорытындылары жүйеленіп, диссертация түрінде рәсімделді.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар

- «Қазақ тілі» пәнінде бастауыш мектептен бастап оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру ғылыми-әдіснамалық қағидаларға сай жүргізілген жағдайда теориялық білім мен қатысымдық дағдыларды өзара бірлікте жүзеге асыру мүмкіндігі артады. Сөз тіркесін оқыту үдерісінде бастауыш сынып оқушысының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру – бастауыш білім беру жүйесін жаңартудың аса маңызды концептуалдық негізі болып саналады;

- «Қазақ тілі» пәнінде сөз тіркесін оқытуда қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру оқу әрекетінің маңызды құрылымдық бөлігі ретінде айқындалып, оқушының танымдық белсенділігін арттырудың құралы, сапалы білім мен біліктілікті дамытудың тетігі, оқушының дамуының көрсеткіші деп деп танылғанда оң нәтижелерге жетуге болады. Себебі қатысымдық құзыреттіліктерді қалыптастыру оқушыны дара тұлға ретінде дамытудың басты тетігі ретінде ұйымдастырылатын оқу әрекетінің субъективтік мәнін арттырады, білімнің қажеттігін сезіндіріп, оқытудың жекелік бағдарын кеңейтеді;

- бастауыш сынып оқушысының жас ерекшеліктеріне сай келетін қатысымдық құзыреттіліктердің компоненттері бірлікте қамтылып, оқыту үдерісі баланың өмірлік дағдыларын қалыптастыру бағытында ұйымдастырылуы шарт. Бастауыш сынып оқушысы игеруі тиіс қатысымдық құзыреттіліктің құрауыштары: тілдік, сөйлесімдік және лингво-мәдени құзыреттіліктер болып ажыратылады. Олар оқушының ана тілінде сауатты қарым-қатынас жасауы, ұғынысуы, өзгелермен түсінісуі, күнделікті өмірдегі түрлі жағдаяттарда тілдесім әрекеті арқылы әлеуметтенуі жүзеге асырылғанда қалыптасады;

- сөз тіркесін оқыту бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық моделіне сәйкес жүргізілген жағдайда оқушылардың логикалық ойлауын жетілдіріп, дұрыс сөйлеу талаптары мен қатысым мәдениетін меңгеруіне жол ашылады, білім сапасын арттыруға қол жеткізіледі;

- қазақ тілін оқушыларға практикалық тұрғыдан меңгертудің деңгейі олардың қатысымдық дағдылары мен іскерліктерінің көрсеткіштерімен анықталады. Бұған жетудің негізгі жолы – оқушылардың қатысымдық мәдениеті мен тіл жұмсау сауаттылықтарын дамытуда маңызды деп саналатын сөйлесім әрекетінің компоненттерін (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім) кешенді қолдану. Сондықтан сөз тіркесі тақырыбы аясындағы әрбір сабақта ұсынылатын тапсырмалар мен оқу жаттығуларын іріктеуде осы ұстаным білім берудің практикалық бағытын

күшейтуде басшылыққа алынады. Нәтижесінде бастауыш мектеп оқушыларының тұлғалық-қатысымдық қабілеттерін жетілдіру, қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру жүзеге асады;

- сөз тіркесін оқытудың тиімді интербелсенді әдістері мен технологияларды, жаттығулар мен мәтіндер жүйесін жұптық, топтық формадағы тапсырмалар түрінде іріктеп, олар түпкі нәтижеге бағытталып ұйымдастырылса, оқушылардың әлеуметтенуі табиғи-қалыпты жағдайда дамытылады, қатысымдық құзыреттіліктері жүйелі түрде қалыптастырылады. Сөз тіркесін оқыту үдерісінде қатысымдық құзыреттіліктерін игерген бастауыш сынып оқушысының моделіне сәйкес тұлға тәрбиелеу жүзеге асады.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу мен ендіру: Зерттеу жұмысының мазмұнын құрайтын негізгі тұжырымдар мен нәтижелер 18 еңбекте жарияланды. Зерттеу барысында Scopus базасына енетін нөлдік емес, импакт-факторы бар халықаралық ғылыми басылымдарда, ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған басылымдарда, Халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда, ғылыми-әдістемелік журналдарда жарық көрді.

Диссертация құрылымы. Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Kіріспеде зерттеудің өзектілігі, зерттеу жұмысының мақсаты, міндеттері, нысаны, пәні, болжамы, ғылыми жаңалығы, зерттеу кезеңдері, зерттеу базасы, теориялық және практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалар және т.б. қамтылған ғылыми аппараты берілген.

«Сөз тіркесін оқытуда бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдіснамалық негіздері» атты бірінші бөлімде зерттеу мәселесі бойынша лингвистикалық, философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерге талдау жасалды. Осы талдау нәтижесінде жасалған тұжырымдамалар мен ұсынымдар негізінде сөз тіркестерін оқыту үдерісінде бастауыш мектеп оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-теориялық, әдіснамалық негіздемесі айқындалған.

«Сөз тіркесін оқытуда бастауыш сыныпта оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі» атты екінші бөлімде сөз тіркесін оқыту үдерісінде оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың қазіргі жайы талданған, ұсынылатын тиімді әдістер мен оқыту технологиялары жүйеленіп, олардың тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың қорытындылары арқылы дәйектелген.

Қорытындыда зерттеу жұмысының нәтижелері негізінде тұжырымдар мен ұсыныстар берілген.